

Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 212/28-III " Қоршаған ортаны ластағаны үшін Астана қаласы бойынша 2006 жылға арналған төлем ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 7 маусымдағы N 261/32-III Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2006 жылғы 23 маусымда N 443 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 308/40-III шешімімен

Ескерту: Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 308/40-III шешімімен

Қалалық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасымен ұсынылған материалдарды қарап, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 212/28-III "Қоршаған ортаны ластағаны үшін Астана қаласы бойынша 2006 жылға арналған төлем ставкаларын белгілеу туралы" (Астана қаласының Әділет департаментінде 2006 жылғы 6 ақпанда N 429 тіркелген, 2006 жылғы 18 ақпандағы "Астана хабары", 2006 жылғы 16 ақпандағы "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) шешіміне (бұдан әрі - Шешім) мынадай өзгерістер енгізілсін:

осы шешімнің қосымшасына сәйкес аталған шешімнің қосымшасы жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Астана қаласының 2006 жылғы 29 наурыздағы N 239/30-III "Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 212/28-III "Қоршаған ортаны ластағаны үшін Астана қаласы бойынша 2006 жылға арналған төлем ставкаларын белгілеу туралы" шешімінің қызметін тоқтата тұру туралы" шешімі күшін жойды деп танылсын.

3. Осы шешім әділет органдарында тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

А с т а н а қ а л а с ы
сессиясының төрағасы

мәслихатының хатшысы

А с т а н а қ а л а с ы

Келісілді:

**Астана қаласының Табиғи
ресурстар және табиғатты
қолдануды реттеу**

басқармасының бастығы

Астана қаласы мәслихатының
2006 жылғы 7 маусымдағы

N 261/32-III қосымша

Астана қаласы мәслихатының
2005 жылғы 23 желтоқсандағы

N 212/28-III шешіміне қосымша

**Қоршаған ортаны ластағаны үшін
Астана қаласы бойынша 2006 жылға арналған төлемдер
СТАВКАЛАРЫ**

р/с N	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Уаттылық сыныбы	Базалық ставкалар
1.	Тұрақты көздерден атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары	шартты тонна		326
2.	Жылжымалы көздерден атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары - этилденбеген бензин үшін; - дизель отыны үшін; - сұйытылған газ үшін.	тонна тонна тонна		2 8 0 7 3 0 404
3.	Қоршаған ортаға ластаушы заттардың төгінділері: тазартқыш имараттарынан кейін су көздеріне.	шартты тонна		31839
4.	Өндіріс және тұтыну қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, рұқсат етілген үйінділерде және арнаулы орындарда орналастыру.	тонна тонна тонна тонна тонна	У I У I I I I I I	1 2 5 2 5 1 5 0 3 2 0 1 2 4023
5.	Күл және күл үйінділерін орналастыру.	тонна	IУ	251
6.	Халыққа қызмет көрсететін (жылу электр орталығы, қазандықтар) шығатын күл мен күл шлактарын орналастыру.	тонна	IУ	78
7.	Аршынды жыныстар.	тонна		12

А с т а н а қ а л а с ы

мәслихатының хатшысы

